



Бекітемін:

жеке балабақшасы
менгерушісі
А.А.Бергеналиева

**2023-2024 оқу жылына арналған
балабақша педагогтарымен өткізілетін
әдістемелік кеңесінің отырысы**

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты
1	<p>Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының басым бағыттары»</p> <p>Мақсаты: Педагогтердің жаңа оқу жылына дайындығын қамтамасыз ету және оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жылдық жоспармен таныстыру. 2. Перспективалық жоспарлар мен циклограммаларды бекіту. 3. Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын талқылау. 4. Балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру. 5. Ата-аналармен жұмыс жоспарын бекіту. 	Қыркүйек	Хаттама	Әдіскер
2	<p>Тақырыбы: «Ойын арқылы оқыту – мектепке дейінгі білім берудің тиімді құралы»</p> <p>Мақсаты: Ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Ойын технологияларын ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану. 3. Ашық көрсетілімдерге талдау. 4. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары. 	Желтоқсан	Хаттама	Әдіскер, тәрбиеші
3	<p>Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары»</p> <p>Мақсаты: Балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін дамытудағы тиімді әдістерді анықтау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. I жартыжылдық мониторинг қорытындысы. 2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тәжірибесі. 3. Дамытушы органың тиімділігі. 4. Әдістемелік жұмыстардың орындалуы. 	Сәуір	Хаттама	Әдіскер, тәрбиеші

«Аманат» жеке балабақшасы
№1 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 4 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар саны: 6

Қатыспағаны: жоқ

Төрайымы: А.А.Бергеналиева

Хатшы: А.Б.Пазыл

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: Педагогтердің жаңа оқу жылына дайындығын қамтамасыз ету және оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023–2024 оқу жылындағы жылдық жоспармен таныстыру.
2. Перспективалық жоспарлар мен циклограммаларды бекіту.
3. Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын талқылау.
4. Балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастыру.
5. Ата-аналармен жұмыс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші А.А.Бергеналиева сөз сөйлеп, жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттарымен таныстырды. Балалардың қауіпсіздігін сақтау, сапалы білім беру қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік стандарт талаптарын орындау мәселелеріне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Пазыл педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын таныстырып, оларды талапқа сай жүргізу қажеттігін түсіндірді.

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптары қаралып, бекітілді. Әр педагогтың кәсіби шеберлігін арттыру бағытындағы жұмыстары талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша жаңадан қабылданған балалардың балабақшаға бейімделу кезеңін тиімді ұйымдастыру мәселесі қарастырылды.

Бесінші мәселе бойынша ата-аналармен жұмыс жоспары талқыланып, оқу жылы бойына өткізілетін іс-шаралар бекітілді.

СӨЙЛЕДІ:

А.Б.Пазыл ата-аналармен жұмысты жаңаша форматта ұйымдастыру туралы ұсыныс айтты.

Н.Н.Бисенова балалардың бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету қажеттігін атап өтті.

А.Н.Джубандыкова дамытушы ортаны жетілдіру бойынша пікір білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
2. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар талапқа сай жүргізілсін.
3. Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бекітілсін.
4. Балалардың бейімделу кезеңі тұрақты бақылауда болсын.
5. Ата-аналармен жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Төрайым: *А.А. Бергеналиева*

Хатшы: *А.Б. Пазыл*



«Аманат» жеке балабақшасы
№2 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 28 желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар саны: 5

Қатыспағаны: 1

Төрайымы: А.А.Бергеналиева

Хатшы: А.Б.Пазыл

Тақырыбы: «Ойын арқылы оқыту – мектепке дейінгі білім берудің тиімді құралы»

Мақсаты: Ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру және педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Ойын технологияларын ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану.
3. Ашық көрсетілімдерге талдау.
4. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші А.Бергеналиева өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат берді. Қабылданған қаулылардың толық орындалғанын хабарлады.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер ойын технологияларының балалардың ойлау, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы маңызын баяндады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық, сюжеттік-рөлдік және қимылды ойындардың тиімділігі талданды.

Үшінші мәселе бойынша ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге әдістемелік талдау жасалды. Педагогтердің кәсіби тәжірибелері мен жетістіктері атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері қарастырылды. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы туралы пікірлер тыңдалды.

СӨЙЛЕДІ:

А.А.Нұрғалиева ойын технологияларының балалардың қызығушылығын арттырудағы рөліне тоқталды.

«Аманат» жеке балабақшасы
№3 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 26 сәуір 2024 жыл

Қатысқандар саны: 6

Қатыспағаны: 0

Төрайымы: А.А.Бергеналиева

Хатшы: А.Б.Пазыл

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары»

Мақсаты: Балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау және тәжірибеге енгізу.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I жартыжылдық мониторинг қорытындысы.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тәжірибесі.
3. Дамытушы органның тиімділігі.
4. Әдістемелік жұмыстардың орындалуы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Б.Пазыл I жартыжылдық мониторинг қорытындыларын таныстырды. Балалардың білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейлері сараланып, қорытынды жасалды.

Екінші мәселе бойынша педагогтер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында жүргізілген жұмыстар туралы баяндады. Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру және театрландырылған іс-әрекеттердің нәтижелері талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша топтардағы дамытушы органның жағдайына талдау жасалды. Оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын көрнекіліктер мен дидактикалық материалдардың сапасы қарастырылды.

Төртінші мәселе бойынша педагогтердің әдістемелік жұмыстарды орындау нәтижелері тыңдалды.

СӨЙЛЕДІ:

М.С.Ниязова шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде балалардың қызығушылығын ескеру қажеттігін айтты.

А.Б.Пазыл театрландырылған ойындардың балалардың сөйлеу тілін дамытудағы маңызын атап өтті.

А.Н.Джубандыкова шығармашылық көрмелер ұйымдастырудың тиімділігі туралы ұсыныс білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мониторинг нәтижелері негізінде түзету жұмыстары жүргізілсін.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.
3. Топтардағы дамытушы орта талапқа сай толықтырылсын.
4. Педагогтердің әдістемелік жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

Төрайым: *А.А.Бергеналиева*

Хатшы: *А.Б.Назы*

